

**Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі туралы ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 желтоқсан N 1304.

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.18 N 609 қаулысымен**

Халықаралық шарттарды іске асыру, Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі туралы ереже бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.18 N 609 қаулысымен.**

2. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссиялар (комитеттер, кеңестер) туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 62 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 3, 38-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1304 қаулысымен  
бекітілген

**Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі туралы ереже**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.18 N 609 қаулысымен**

Ескерту. Кіріспе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.01.2015 № 16 қаулысымен.

**1. Негізгі міндеттері**

1. Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі (бұдан әрі – комиссиялардың қазақстандық бөлігі) халықаралық шарттарды іске асыру, халықаралық екіжақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Комиссиялардың қазақстандық бөлігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидаларының 30-тармағында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1190 қаулысымен бекітілген Үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейлердегі халықаралық іс-шараларды, шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) отырыстарын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі уағдаластықтарды іске асыру қағидаларының 26-тармағында көрсетілген уағдаластықтарға сәйкес құрылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.01.2015 № 16 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Комиссияның қазақстандық бөлігі өз құзыретінің шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) халықаралық екі жақты ынтымақтастықты дамыту жөніндегі басым бағыттарды және бірлескен іс-шараларды айқындайды;

2) жоғары және үкіметаралық деңгейлерде өткен кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткізілген халықаралық шарттар мен уағдаластықтардың орындалуына жәрдемдеседі;

3) халықаралық екі жақты ынтымақтастықты дамытуға байланысты халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

4) халықаралық екі жақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі;

5) Үкіметтің шешімдерін талап ететін халықаралық екі жақты ынтымақтастық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

## **2. Комиссияның қазақстандық бөлігін қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі**

3. Комиссиялардың қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесін бекіту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен алдын ала келісу бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, комиссияның қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының бірінші басшысы комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы болып табылады.

Комиссияның қазақстандық бөлігінің қызметі үшін жауапты мемлекеттік органның басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен алдын ала келісу бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарын немесе өзінің орынбасарын комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы ретінде белгілеу туралы ұсыныс енгізеді.

Мемлекеттік орган комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасын тағайындау туралы шешімнің көшірмесін шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен.**

4. Үкіметаралық комиссияның (комитеттің, кеңестің) (бұдан әрі – үкіметаралық комиссия) отырысын өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен келісу бойынша комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы қабылдайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен.**

5. Қажет болған жағдайда, үкіметаралық комиссиялардың қызметі шеңберінде олардың міндеттері мен қызмет мерзімдерін белгілей отырып, ынтымақтастықтың нақты бағыттары жөніндегі кіші комиссиялар (кіші комитеттер, жұмыс топтары) құрылуы мүмкін.

Кіші комиссияларды (кіші комитеттерді, жұмыс топтарын) жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, сондай-ақ кіші комиссиялардың (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) тең төрағаларын белгілеу осы Ереженің 3-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.18 N 609 қаулысымен.**

6. Кіші комиссиялар (кіші комитеттер, жұмыс топтары) үкіметаралық комиссияның шешімдеріне сәйкес жұмыс жүргізеді, оны өзінің қызметі туралы хабардар етеді және өзінің мәжілісінде қарау үшін қажетті материалдар әзірлейді.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.18 N 609 қаулысымен.**

7. Үкіметаралық комиссиялардың жұмысына халықаралық екі жақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастыққа мүдделі ұсыныстары мен жобалары бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының өкілдері тартылуы мүмкін.

8. Үкіметаралық комиссиялардың мәжілістері шеңберінде конференциялар, бизнес-семинарлар, көрмелер мен тұсаукесер ұйымдастырылуы мүмкін.

9. Тараптардың ең болмағанда бірінің Үкіметімен келісуді талап ететін мәселелер бойынша үкіметаралық комиссияның шешімі белгіленген тәртіппен тиісті келісілгеннен кейін күшіне енеді, ол туралы тең төрағалар бірін-бірі хабардар етеді.

10. Үкіметаралық комиссиялардың отырыстары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының және өзге де ұйымдарының бірінші басшылары жауапты болады және тоқсан сайын есеп берілетін тоқсанның соңғы айының 10-күніне комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасына олардың орындалу барысы туралы ақпаратты жібереді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен.**

11. Үкіметаралық комиссиялардың қызметін жалпы үйлестіруді және бақылауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) бірлескен үкіметаралық комиссиялардың жұмысына Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері қатысқан кезде көмек көрсетеді;

2) Комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағалары ұсынған ақпарат негізінде үкіметаралық комиссиялардың қызметі туралы жиынтық есеп пен талдау жасайды және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына қарай оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ұсынады;

3) халықаралық екіжақты қарым-қатынастарды дамыту деңгейін есепке ала отырып, комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысын жандандыру жөніндегі ұсыныстар мен үкіметаралық комиссиялардың басым отырыстарының кезекті жылға арналған тізімін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен және өзге де ұйымдарымен бірлесіп:

- 1) комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысын үйлестіреді;
- 2) бірлескен жобаларды іске асыруға жәрдемдеседі;
- 3) үкіметаралық комиссияның кезекті отырысы алдында халықаралық екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау, күн тәртібі мен хаттамасының жобаларын келісу мақсатында комиссияның қазақстандық бөлігінің кеңесін өткізеді;
- 4) үкіметаралық комиссия отырысының хаттама жобасын дайындау кезінде оған тек өзара мүдделі саналатын мәселелерді және комиссияның қазақстандық және шетелдік бөліктерінің бірлескен шешімін талап ететін проблемалық мәселелерді ғана қосады;
- 5) үкіметаралық комиссияның отырысын өткізгеннен кейін бір айдан кешіктірмей үкіметаралық комиссия отырысының қорытындылары туралы есепті ақпаратты және қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша тапсырмалардың жобасын, сондай-ақ орындалған уағдаластықтарды бақылаудан алу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді;
- 6) үкіметаралық комиссиялардың отырыстары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша шаралар қабылдайды және жыл сайын 20 шілдеге қарай оларды іске асыру барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жолдайды;
- 7) ағымдағы жылдың 15 желтоқсанына дейін үкіметаралық комиссиялардың қызметі туралы жылдық есептік ақпаратты және олардың қызметін жандандыру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне береді;
- 8) комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен келісу бойынша комиссияның қазақстандық бөлігі тең төрағасының орынбасары мен жауапты хатшысын тағайындауға, оның дербес құрамын жасақтауға, оған өзгерістер енгізуге, сондай-ақ комиссия жұмысына қатысу үшін Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарының өкілдерін тартуға құқылы.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына, әдетте, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдік мекемелерінің өкілдері кіреді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **3. Мәжілістер өткізу тәртібі**

15. Үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісін өткізу мерзімдері үкіметаралық комиссияның шет елдік бөлігінің тең төрағасымен келісім бойынша белгіленеді.

16. Тараптар алдын ала, бірақ үкіметаралық комиссияның мәжілісіне дейін бір айдан кешіктірмей, оны өткізу күнін, күн тәртібін келіседі және қажетті ақпараттармен алмасады.

17. Үкіметаралық комиссияның мәжілісінде қабылданатын шешімдер хаттамамен ресімделеді және комиссияның қазақстандық және шет елдік бөліктерінің тең төрағаларының қолдарымен бекітіледі.

18. Мәжілістердің хаттамаларын ресімдеу комиссияның қазақстандық бөлігінің жауапты хатшысына жүктеледі.

19. Үкіметаралық комиссияның отырысы хаттамасының көшірмесі – Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, ал хаттаманың түпнұсқасы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне беріледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.08.2018 № 517 қаулысымен.**

20. Үкіметаралық комиссиялар мәжілістерінің хаттамалары түпнұсқаларының сақталуын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қамтамасыз етеді.

#### **4. Қызметті қаржыландыру**

21. Үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісін өткізуді қаржыландыру шарттары мен тәртібі тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен анықталады.